

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ЭТНОЛИНГВИСТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Серікжан Ф. Ж.

farida.serikzhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С.С.Шоқабаева

Адамзаттың дүниені тануы мен ойлауында жалпы ортақтық болғанымен, әрбір ұлттың әлем бейнесін жасауда өзіндік ерекшеліктері болатыны ақиқат. Бұл әрбір ұлттың салт-санасы, әдет-ғұрпы, әсіресе тілі арқылы айқын көрінеді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, сондай-ақ тұтас дүние жайында танымдық ақпарат беретін ұлттық-мәдени код.

Қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау» [1, 343] деп, адам санасындағы ұғым-түсініктердің сыртқы ортаға тіл арқылы танылуының негізін түсіндіріп кеткен.

Әр тілдің бойында сол тілде сөйлейтін ұлттың тарихы, танымы мен талғамы, мінезі мен санасы, дәстүрі мен даналығы сақталады. Сондықтан тілді зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндігі шектеулі. Осыған байланысты қазақ тілін оқытуда тілдің бойындағы ұлттық сипатты тануға негізделген этнолингвистика саласы өріс алды.

Этнолингвистиканың зерттеу нысаны – халық болмысын тілі арқылы танып білу, халықтың ұлттық бейнесін тіл байлығы арқылы қарастыру.

Ал этнолингвистиканың зерттеу арналары ретінде:

1. Баламалар;
2. Тұрақты теңеулер;
3. Фразеологизмдер;
4. Мақал-мәтелдер;
5. Жұмбақтар;

6. Халық ауыз әдебиет үлгілері қарастырылады [2]. Тіл білімінде бұлар этнолингвизмдер деп аталады.

Ә.Қайдар этнолингвистика ұғымын қос объектінің – этнос пен оның тілінің тоғысуынан туындаған ғылым саласы дей отырып, «этнос» ұғымын этнолингвистика мақсатына орай «этнос болмысы», ал тіл ұғымын «тіл әлемі» деген термин арқылы беруді жөн санайды. Ғалым «этнос болмысы» терминіне мынадай анықтама береді: «Этнос болмысы – этностың сонау бала кезеңінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы», ал «Тіл әлемі – этнос болмысына қатысты мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» [3, 20]. Ғалым этностың шынайы болмысын этнолингвистикадай дәл айқындай алатын ғылым жоқ дейді.

Тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеруді, оны жан-жақты зерттеуді басты мақсат еткен этнолингвистика ғылымының бүгінгі таңда ЖОО қабырғасында пән ретінде оқытылу жайы өзекті болып отыр.

«Этнолингвистика» пәнінің оқу-әдістемелік кешені бойынша пәнді оқу нәтижесінде білімалушы:

- этнолингвистика саласының өзекті мәселелерін білуге;
- алған білімдерін практикада қолдана білуге;

- тілді талдаудың негізгі әдістерін игеруге;
- қазақ тілі тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін ұғып алуға;
- теориялық талдау жасай алуға;
- өзіндік пікір айта алуға;
- негізделген теориялық білімдерін жинақтай білуге міндетті [4].

Аталған міндеттерге толық қол жеткізу үшін пәннің оқу-әдістемелік жүйесі сапалы болуы тиіс. Осы тұста этнолингвистика пәнінің ЖОО-да оқытылу сапасын айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың филология факультетінде білім алып жатқан 20 студент қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша этнолингвистика пәнін оқыту әдістемесі студенттердің басым бөлігін (80%) толық қанағаттандырмағаны белгілі болды. Білімалушылар пәннің практикалық сабағы көбіне дәрісте оқылған ақпаратты қайта мазмұндап берумен шектелгенін алға тартты. Пәннің теориялық негізіне сай тілдік мысалдардың жеткілікті деңгейде ұсынылмауы – әдістемелік кешен сапасының төмендеуінің бірден-бір себебі болғанын да сауалнамадағы жауаптардан аңғару қиын емес. Қорыта келе, тіл арқылы ұлттық болмысты зерттейтін пәннің оқытылу әдістемесі әлі де жетілдіруді қажет ететіндігі айқындалды.

Этнолингвистика пәнінің практикалық сабағында арнайы тілдік материалдардың жеткілікті болуы өте маңызды. Тілдік материалдар негізінде берілген тақырып әр қырынан ашылады. Себебі аталған пәннің негізгі зерттеу пәні – концепт.

Концептінің мағынасын ашу, таныту үшін кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданыла береді. Ал концепт ретінде барлық ұғым бірдей алынбайды, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын күрделі ұғымдарды концепт деп тани аламыз.

Этнолингвистикадағы концепт ұғымына ғалым Ж.Манкеева мынадай анықтама береді: «этнолингвистикадағы концепт – дискурста қызмет атқаратын және мәдени ортаға сіңген, тілде вербалданатын ментальді құрылым» [5]. Мысалы, қазақ халқы үшін киіз үй, шаңырақ, қамшы, жазық дала, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар, т.б сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп таныла алады.

Ұлттық концепт – сан қырлы, күрделі, терең ұғым. Оның толық мазмұны ашылуы үшін мұғалімнің ауызша баяндау әдісі аздық етеді. Педагогика ғылымдарының докторы Ф.Оразбаева білімалушы теориялық материалды жалаң, жаттанды түрде емес, қарапайым бақылаулар жасау, зерттеулер жүргізу арқылы меңгеруі керек екенін, практикалық сабақтың сұрақтары ойлауды, талдауды, пайымдауды қажет ететіндей проблемалы сұрақтар болуы қажет екенін айтады [6, 97]. Сондықтан теориялық негізді практикалық сабақтарда қандай әдістер арқылы тиімді пайдалануға болатыны жайлы сөз қозғалады.

Этнолингвистика пәнінің мақсатына сай нәтиже беретін әдіс ретінде *жалпылау (индукция) әдісін* атауға болады.

Әдістің мақсаты: бөлшектен бүтін құрату, яғни, жеке мағлұматтан жалпы ұғым қорытып шығарту, жалқыдан жалпыға көшу.

Тапсырма. Берілген сөйлемдерге ортақ концептіні анықтап, оның ұлт танымындағы рөлін әр мысалға сүйене отырып, жан-жақты талдау.

1. Бұл сөзді естуі-ақ мұң екен, күйші домбырасының бұрауын қоңыр дауысқа салып, әрбір қағысын салмақпен қағып, бір күйді тарта беріпті.
2. Мұхтардың үстінде қазақы қоңыр сырмалы шапан, аяғында қазақы қоңылтаяқ етік, бозға да, бозғылға да қосуға болмайтын күлдібадам күңгірт түсті кепке.
3. Бойды сергітетін қоңыр салқын леп дымқыл тұнық ауада біліне бастаған.
4. Кеңес Дүйсекеевтің шығармалары халқымыздың табиғатындай қоңыр мінезді.
5. Бабаларымыздың қайғысы мен қуанышын күймен насихаттаған аспаптардың атасы қоңыр үнді қобыз болса, анасы – қасиетті домбыра.

6. Түнде де тынбай жүректің шертіп әр күйін,
 1. Айтады қоңыр әженің ыстық әлдиін.
7. Мысалдарының қай-қайсысына да Ахмет өз жанынан шумақтар қосып, айтар ойын жүйелеп, дәлелдеп, шегелеп айту үшін қазақы қоңыр тірлікті де тілге тиек етіп, түрлендіре түседі.
8. Қоңыр көлеңке ақ үйдің ішіне енді баса бергенде, оң жақтағы бірдене ербең ете қалды.
9. Міне, осындай жазға салымның уайым-қайғысыз бір тыныш күнінде, алдыңғы күні туған мұқыр мүйіз қызыл сиырының уызын жеп, шай ішіп, оңашадан оңаша өздері ғана шүйіркелесіп отырған қоңыр кеште, ағаш үйдің есігі сыңсып ашылды.

Тапсырманы дұрыс орындау нәтижесінде білімалушылар тілдік материалдарды прагматикалық тұрғыда салыстыруды, жүйелеуді, этнолингвистикалық концептіні сан қырынан талдауды игереді.

Келесі бір тиімді әдіс – *кейс әдісі*.

Әдістің мақсаты: білімалушыны кез келген теориялық мәліметті талдауға, сол бойынша негізгі проблемаларды айқындауға, оларды шешудің тиімді жолын тауып, іс-әрекетін жоспарлауға жұмылдыру.

Тапсырма. Ұлттық танымдағы «отбасы» концептілік өрісін ғалымдар шартты түрде 5 лексика-семантикалық топқа жіктеп көрсеткен:

1. Мекендік;
2. Туыскандық;
3. Адамгершілік;
4. Эмоциялық;
5. Рухани және материалдық [7].

Сәйкесінше студенттер 5 топқа бөлініп, әр топ бір лексика-семантикалық өрістің мағынасы толық деңгейде ашылатындай «отбасы» концептісіне қатысты мысалдар жинақтайды. Тапсырма өз деңгейінде орындалу үшін түсіндірме сөздік, фразеологиялық сөздік, мақал-мәтелдер жинағы, көркем әдеби шығармалардан үзінділер қолданылуы керек.

Этнолингвистика пәнін оқытуда *ойталқы әдісі* де жақсы нәтиже беруі тиіс.

Әдістің мақсаты: әр сөйлеушінің берілген тақырып жөнінде пікірін тікелей дербес айта алуын, ойын жүйелі жеткізуін жетілдіру.

Тапсырма. Ғабит Мүсірепов пен Әбдіжәміл Нұрпеисов шығармаларындағы «ақ» концептісінің лексика-семантикалық өрісіне салыстырмалы талдау жасау.

Интеграциялық әдіс.

Әдістің мақсаты: білімалушыны бір мәселені зерделеуге, оның басқа мәселемен байланысын анықтауға, әртүрлі саладан алған білімін бір арнаға тоғыстырып пайдалануға жетелеу, шығармашылық қабілетін шыңдауға ықпал ету.

Тапсырма. «Қара» концептісінің қазақ-ағылшын тілдеріндегі этнолингвистикалық сипатын салыстырмалы диаграммаға түсіру.

Бұл тапсырманы орындау барысында студент көп ізденеді: екі тілдің этнолингвистикалық сипаттарын саралайды, талдайды, ұқсастық пен айырмашылықтарды жүйелейді, оған дәлел болатын нақты мысалдарды жинақтайды.

Жалпы этнолингвистика пәнін оқытуда әдістің түр-түрін іске жарата беруге болады. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай анықталатынын айтады. Тақырыптың күрделілігіне қарай, студенттердің деңгейіне қарай, топтың ерекшелігін ескере отыра, әр сабақта әртүрлі әдісті пайдалану арқылы диттеген нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бүгінде қазақ тілін танымдық бағытта оқытудың түрлі әдістерін жетілдіру қажеттілігі туындап, көкейкесті мәселеге айналып отырған жайы бар. Сондықтан да қазақ тілін этнолингвистикалық бағытта тиімді әдістер арқылы оқытудың маңызы жоғары. Бұл әрекеттің нәтижесінде студент мәдени, рухани тұлғасын қалыптастырып, жетілдіріп, ұлттық құндылықтарды қажетті деңгейде игереді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Жұмабек А. Этнолингвистика – антропоэзектік ғылымдардың бастауы. – Алматы, 2014
3. Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 652 б.
4. «Этнолингвистика» пәнінің оқу- әдістемелік кешені: <https://melimde.com/>
5. Манкеева Ж.А. Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларының академиялық танымы хақында // «Жұбанов тағылымы» VI халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе.2005. – 530. – 90- 93 б.
6. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқулық / Ф.Ш.Оразбаева; Абай атын. ҚазҰПУ. – Қарағанды, 2016. - 423 б.
7. Мәжит Б. Қазақ тіліндегі «отбасы» концептісі және концептілік өрісі. – Алматы, 2017

ӘОЖ 811.512.122

САЯСИ КӨШБАСШЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Таутанова А.Қ.

a_tautanova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова

Тіл білімі дамуының қазіргі кезеңінің өзіне тән тенденцияларының бірі – сөйлеу әрекетіндегі адам факторы мәселесінің жан-жақты дамуы. Осылайша, жаңа лингвистикалық парадигмада тілдік тұлға алдыңғы орынға шығады. Тілдік тұлға тілтанушы, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы, философтардың мүдделері тоғысатын зерттеу нысаны болып табылады.

Саяси көшбасшының тілдік тұлғасын зерттеуге арналған жұмысымыздың негізгі өзегін қарастырмастан бұрын, тілдік тұлға түсінігін әртүрлі ғылымдар тоғысында саралап көруді жөн деп таптық. Философия тұрғысынан «тұлға – жалпы тұрмыстық және ғылыми термин» [1, 113]. Ал психологиялық аспектіде тұлғаның мәні оның психикалық қасиеттерін зерттеумен тікелей байланысты. Психология ғылымында «Тұлға – оның психологиялық ерекшеліктері жүйесінде қабылданатын, әлеуметтік анықталатын, оның адамгершілік әрекеттерін анықтайтын тұлға» [1, 114]. Әлеуметтанудағы талдаудың негізгі пәні де әртүрлі әлеуметтік жүйелердегі тұлғаны зерттеу болып табылады.

Тіл білімінің тілдік тұлға мәселелерімен айналысатын бір саласы – сөйлеудің коммуникативтік аспектісін психология тұрғысынан зерттейтін психолингвистика [2, 24]. Психолингвистика саласы жеке тұлғаның ерекшеліктерін, сондай-ақ сөйлеу коммуникациясын түзету және жетілдіру жолдарын жүйелі түрде сипаттайды.

Тіл білімінде «тілдік тұлға» терминін алғаш рет В.В. Виноградов қолданған [2, 25]. Дегенмен де, тілді меңгерудің жекелеген сипаты туралы пікірлер 18-19 ғасырларда В.Фон Гумбольдт пен И.Г. Гердер, кейін Л. Вайсгербер еңбектерінде дамып, И.А. Бодуэн де Куртене, К. Восслер және т.б. ғалымдардың еңбектерінде пайда болған. Тілдік тұлға мәселесі отандық және ресейлік тіл ғалымының да еңбектерінде келтірілген. Орыс тіл білімінде бұл тақырыпты Г.И. Богин, С.Г. Воркачев, В.И. Карасик, Ю.Н. Караулов, К.Ф. Седов және т.б. ғалымдар қарастырса, қазақ тіл білімінде Ж.Б.Ермекова, Ф.Б.Қожахметова, Б.И.Нұрдәулетова және т.б. ғалымдар қарастырған [3, 14].

Сонымен, тілдік тұлға феномені тіл білімінің әртүрлі салаларының зерттеу нысаны болып табылады, ол бір жағынан зерттелетін құбылыстың сан қырлы сипаттарын зерттей отырып, оны зерттеуді жандандыруға мүмкіндік береді; екінші жағынан, бұл жағдайда тілдік